

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 қарашадағы N 197ш Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада :  
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Парламентін ұстау, палаталар төрағаларының басқаруындағы Қазақстан Республикасы Парламентінің делегацияларын әуе көлігімен қамтамасыз ету, заң жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының депутаттары бастамашылық жасаған заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, заң шығармашылығы қызметі саласында зерттеулер жүргізу, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, Сенат пен Мәжілістің жаңа ғимараттарын және қызметтік тұрғын үйлерді жиһазбен, тұрмыстық техникамен және өзге де интерьер элементтерімен жарақтандыру. Техникалық және моральдық жағынан ескірген компьютерлік техниканы жаңарту, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар (бағдарламалық-ақпараттық, бағдарламалық өнімдер) сатып алу негізінде Парламенттің ақпараттық-есептеу желісін қорғау, жоғарыда көрсетілген ақпарат түрлері бойынша ақпараттық ресурстар қорын жасау үшін ақпараттық қызметтер мен жабдықтар сатып алу .

БАҚ-та Парламент қызметін көрсету үшін өткізілетін іс-шараларды фото және бейне түсіруді қамтамасыз ету .

Палаталар төрағаларының Президентпен бейне конференция байланысын қамтамасыз ету .

Парламенттің жергілікті есептеу желісін қайта жаңарту.

"Парламент хабаршысы" брошюраларын шығару бағасын төмендету және полиграфиялық қызметтерге арналған шығыстарды азайту мақсатында Парламенттің мамандандырылған баспаханасын құру .";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде :

реттік нөмірі 4-жолдың екінші, үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"120 жұмсақ жиһаз жиынтығын, 120 ұйықтайтын бөлмеге арналған жиһаз жиынтығын, 120 телевизор, 120 шаңсорғыш, 120 қысқа толқынды пеш, 120

тоңазытқыш, 120 кір жуатын машина сатып алу";

Сенат пен Мәжілістің жаңадан салынған ғимараттарын жарақтандыру:

Мыналарды сатып алу: 4 жұмыс үстелі, 4 мәжіліске арналған үстел, 275 журнал үстелі, 368 кресло, 50 шкаф, 22 жиынтық жұмсақ демалыс бұрыштамасы, 800 орындық, 81 Президент портреті, Қазақстан Республикасының 2 Елтаңбасы, 214 үстел үстіне қойылатын шырағдан, перделерге арналған 14000 метр мата, перделерге арналған 2100 метр карниз, ту тұғыры бар 11 жалау, 117 кілем, 1430 метр кілем төсеніші, 222 жазуға арналған жинақ, 102 сағат, 98 сейф, 430 тумба, 93 тоңазытқыш, 174 айна, 346 ыдыс-аяқ жиынтығы, 6740 шаршы метр күнқалқалар, 8 мінбе, келушілерге арналған 110 диван.

Фотозертхана жабдығы - фотосурет шығаратын жабдық пен суретке түсіретін аксессуарларымен бірге жарық беретін жабдықтың 1 жиынтығы.

Аксессуарларымен бірге телестудия жабдығының 1 жиынтығын сатып алу.

Парламент палаталары төрағаларының Қазақстан Республикасының Президентімен бейне конференция байланысы жабдығының 2 жиынтығын сатып алу.

Толық түрлі-түсті басылатын брошюраларды шығару үшін баспахана жабдығын сатып алу: 4 бірлік полиграфияға арналған процессор блогы, 3 монитор, 1 слайд-сканер, 1 кәсіптік CDD сканері, 1 цифрлы фотокамера, принтер - 3 бірлік, монтаждау үстелі - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге фотожинақ аппараты - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге айқындағыш машина - 1 бірлік, бақылау-өлшеу жабдығы - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге қалып жабдығы (көшіру жақтауы) - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге баспа қалыптарын айқындағыш автомат - 1 бірлік, офсеттік баспа машинасы - 3 бірлік, жиынтығымен бірге көшіру машинасы - 2 бірлік, қағаз кесетін машина - 2 бірлік, кесетін прес - 1 бірлік, парақ жинайтын қондырғы - 2 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге сыммен тігетін жабдық - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге қапсырма тігетін жабдық - 1 бірлік, желіммен бекітетін жабдық - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге бүктеу машинасы - 1 бірлік, шығыс материалдары жиынтығымен бірге жоғары жылдамдықты ламинатор - 1 бірлік, тесу-бүгу жабдығы - 1 бірлік, нөмірлеуші - 1 бірлік.

Мәжіліс ғимаратының жергілікті есептеу желісі үшін белсенді жабдықты сатып алу: 2 жиынтықты орталық коммутатор; 22 жиынтықты қабаттық коммутатор; 1 жиынтық желілік белсенді жабдыққа арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.";

2) көрсетілген қаулыға 5-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-  
т а р м а қ т ы ң к е с т е с і н д е :

5-бағанның в) тармақшасы ", "Электоратпен байланыс" қосалқы жүйесін сынақтан өткізу үшін 1 компьютер сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

